

учащихся в хореографической школе Карнавал. В школе разработана система оказания педагогической поддержки учащихся и родителей, параллельно идёт работа по обучению преподавателей методике педагогической поддержки, ведётся спецкурс «Педагогическая поддержка – основа гуманизации педагогического процесса». Внедрение технологии поддержки осуществляется при помощи социального психолога и руководителя экспериментальной работы. О том, что проводимая работа даёт позитивные результаты, свидетельствуют наблюдения за детьми в педагогическом процессе школы, проводимые диагностические срезы по таким параметрам как:

- Анкета «Насколько вы разбираетесь в проблеме воспитания одарённости?»;
- Каков ваш стиль поведения в конфликтной ситуации (К. Томас);
- Методика диагностики уровня школьной тревожности Филлипса;
- Оценка уровня общительности (тест В. Ф. Ряховского);
- Методика карты интересов А. Голомшток в модификации Г. Резапкиной;
- Методика диагностики личности на мотивацию к избеганию неудач Т. Элерса;
- Методика диагностики личности на мотивацию к успеху Т. Элерса;
- Тест на выявление уровня самооценки;
- Анкета «Определение склонностей педагога к работе с одарёнными детьми».

Разработанная в ходе экспериментальной работы модель личности ученика хореографической школы «Карнавал», реализуемая в работе школы подтверждает эффективность педагогической поддержки для личностного развития ребенка и гуманизации педагогического процесса школы.

Список литературы:

1. Анохина Т. В. Педагогическая поддержка как реальность современного образования / Т. В. Анохина // Классный руководитель. - 2000. - №3. – С.63 – 81.
2. Газман О.С. Педагогика свободы: путь в гуманистическую цивилизацию XXI века / О. С. Газман // Классный руководитель. -2000. -№3. – С.6 - 33.
3. Матюшкин А. М. Одарённый ребёнок глазами воспитателей и родителей // Одарённый ребёнок. 2007. №6. – С.8 – 16.
4. Михайлова Н. Н., Юсфин С. М. Педагогика поддержки. М., 2002.
5. Педагогическая поддержка ребенка в образовании: Учебное пособие. / Науч.ред. Н. Б. Крылова. М., 2006.

ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ – ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

*Солтемір А.Б., Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Жетекші: аға оқытушы Иманкулов К.Е.*

*«Жеріміздің үсті де, асты да бай.
Менің геолог ретінде борышым – жер
астындағы қазбаны зерттеп табу, оның қорын
анықтау. Ал ғалым ретіндегі міндетім – кен
байлықтарын халықтың игілігіне жарату. »
Қ.И.Сәтбаев*

Аса көрнекті қазақ геологы Сәтбаев Қаныш Имантайұлы ғалым, қоғам қайраткері, Қазақ ССР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және президенті (1946), СССР Ғылым академиясының академигі (1946), 1943 жылдан корреспондент мүшесі), Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі (1946), СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалы құрамындағы геология ғылымдар институтының директоры, СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы

президиумы төрағасының орынбасары (1941 - 1942), төрағасы (1942 - 1946), Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті (1946 – 1952 және 1955 - 1964). Сәтбаев – рудалық кендер геологиясы саласындағы көрнекті маман.

Ғылыми еңбектерінің басым көпшілігі рудалық кендер геологиясын және Қазақстанның минералдық ресурстарын зерттеуге арналған. Пайдалы қазбалардың болжам карталарын құрастырудың принциптерін айқындаудағы Сәтбаевтың еңбегі өте зор. Сәтбаев – Кеңестер Одағындағы металлогения ғылымын жасаушылардың бірі және қазақстандық металлогения мектебінің негізін салушы. Геолог ғалым қалдырған бай ғылыми мұраның ішінде, әсіресе Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің комплекстік әдісін енгізді.

Қаныш Сәтбаев еңбегі қазақ ғылымының дамуына үлес қосқан және ақырында ірі ғалым болған, ғылыми кадрлар қатарын тәрбиелеген және оларды ғылымға әкелген. Қаныш Сәтбаев ғылымға академик А. Х. Марғұланды әкелді. Әлкей Хақанұлы соңында ірі археолог-ғалым және қазақ археология ғылымының қалаушысы болды. Сәтбаев геолог Ш. Е. Есеновтің талантың көріп, содан Қазақ КСР геология министрі орнына тағайындалуына ықпал етті. Сонымен Қаныш Сәтбаев ғылымға Е. А. Букетовті әкелді, 1960 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының химия-металлургия институтының директоры болып оны тағайындады. Содан Евней Арстанұлы химия ғылымында көптеген үлкен ашылымдардың авторы және Мемлекеттік сыйлықтың иегері болды.

Ғылыми зерттеу мен ғылыми кадрларды тәрбиелеуден басқа, Қаныш Сәтбаев Қазақстан ғылымының ірі ұйымдастырушы атағын алды.

Соғыс кезінде, қауіпсіздік мақсатында, ғылымның әртүрлі облыстарынан көптеген ғалымдармен бірге КСРО Ғылым академиясы Төралқасы Алматыға көшірілді. Қаныш Сәтбаев берілген мүмкіндікті қолдана отырып, көшірілген ғалымдарды Қазақ КСРО Ғылым академиясы қызметіне қосты. Нәтижесінде аз уақыт ішінде филиал үлкен ғылыми орталыққа айналды. 1941 жылы Қазақ КСРО Ғылым академиясы 100 ғылыми қызметкерлерден тұратын, олардың ішінде 14 ғалым кандидаттары, және үшеуі – доктор. Бірақ 1945 жылы КСРО Ғылым академиясы 500 ғылыми қызметкерлерді санап шықты, олардың арасында 18 ғылыми доктор және 44 кандидат. Бес жылдан кейін Қазақ КСРО Ғылым академиясының басқарушы қызметіне Сәтбаевті тағайындаған кезде, 1946 жылы кішкентай филиал Қазақ КСР Ғылым академиясы болды. 1964 жылға дейін Қазақ КСР Ғылым академиясы КСРО-дағы ең үлкен республикалық академиялардың бірі болды.

1941-1964 жылдары Сәтбаевпен басқарылған геология ғылымдарының институты республиканың геология ғылымының даму орталығына айналды. Ұлы Отан соғысының соңында, оның негіздеуіне 4 жыл өткеннен кейін, институт елдегі геология профилінің үлкен ғылыми ұйымдардың бірі болды. 1943 жылы 5 қазаннан бастап КСРО Ғылым академиясы бөлімінің геология-географиялық бюро қаулысы хабарлайды.

1926 – 1929 жылдары мардымсыз кенді өңір саналған Жезқазғанның қазір ТМД – дағы ірі мыс рудасы аудандар қатарына жатқызылуы тікелей Сәтбаев еңбегінің нәтижесі. Бұрынғы жиналған геологиялық деректерге терең талдау жасаған Сәтбаев бұл кеннің жоспарлы түрде кең масштабтағы геологиялық – барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объект екенін дәлелдеді. Өз зерттеулерінің нәтижесінде Сәтбаев Жезқазған кенінде руда қалыптасуының төмендегідей, кейіннен дәлелденген ғылыми өлшемдерін ұсынды:

Сәтбаев басшылығымен жүргізілген комплексті зерттеулердің нәтижесінде Жезқазғанның ақиқат қоры бұрынғы белгілі өндірістік қорынан 2,5 есе көп екені анықталды. Еліміздегі мысты құм тас кендеріне және руда белгілеріне өндірістік – экономикалық баға берілгенде негізгі өлшемдер ретінде енді. Жезқазғанның руда бақылаушы факторлары жөніндегі Сәтбаевтың қағидалары негізге алынатын болды. Болашағы ғылыми тұрғыдан аса тыңғылықты негізделген, дүние жүзіндегі аса ірі мыс кендерінің бірі саналатын Жезқазғанда

салынған мыс балқыту комбинаты түсті металлургияның аса ірі кәсіпорындарының біріне айналды.

Сәтбаев минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай сияқты аймақтарға ерекше назар аударып зерттеді. 1926-1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасап, бұл кен ауданының кең көлемдегі геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеген. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген. 1927-1928 жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. 1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында кара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған – Ұлытау ауданында Сәтбаев мыстан басқа темір(Қарсақбай), марганец(Жезді), көмір(Байқоңыр, Қияқты), қорғасын(Қорғасын) кендерін ашып барлады. Осы ауданның рудалы кендерінің стратиграфиясы, тектоникасы, құрылысы, металлогениясы, геохимиясы және шығу тегі туралы маңызды қорытындылар жасады. Ұлы Отан соғысы жылдарында танк броньын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған. 1940 ж. Жезқазған – Ұлытау ауданында жүргізген аса маңызды геология зерттеулеріндегі көрнекті ғылыми жетістіктері үшін Сәтбаевқа ресми диссертация қорғаусыз- ақ геологиялық, минерология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді.

Сәтбаевтың басшылығымен жүзеге асырылған маңызды шараларының бірі – Қазақстан экономикалық аудандарының өндіргіш күштерін зерттеу және игеруге бағытталған Қазақ ССР Ғылым академиясының көшпелі сессияларының өтуі. Мұндай сессиялар Алтайда, Солтүстік, Батыс, Оңтүстік және Орталық Қазақстанда өткізілді. Бұл мәжілістерге өндірістегі мамандар кеңінен қатысты. Ондағы мақсат – ғылым мен техниканың ынтымағын, тығыз байланысын күшейту. Бір жағынан ғылымның ең соңғы жетістіктерін өндіріс тәжірибесіне енгізу болса, екінші жағынан өндірістің аса бай практикалық тәжірибесін, жиналған, тәжірибеде тексерілген даусыз деректерді жинақтап, қорытындылап, терең анализ жасау, ең әрісі, тіпті даусыз ақиқат деп саналып жүрген теориялық қағидалардың өзіне тиісті түзетулер енгізу көзделетін. Сәтбаевтың қолдауымен 1948 жылы Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылды; 1956 жылы Қазақ ССР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылды.

Сәтбаев Қарағандыда металлургиялық завод салуға, Қостанай мен Алтайдың темір және марганец, Кенді Алтайдың көптеген кендерін, Қаратаудың фосфорит кендерін, т.б. көптеген ірі объектілерді игеруге тікелей араласып, зор еңбек сіңірді. Суға тапшы Сарыарқаның ірі өндіріс орталықтарын сумен қамтамасыз ету мәселесіне (Ертіс – Қарағанды каналының құрылысы т.б.), руда байыту мен металлургиялық процестерді ғылымның ең соңғы жетістіктеріне сәйкес жетілдіруге бағытталған ғылыми – зерттеу жұмыстарды қолдап, оларды кеңінен өрістетуге көп еңбек жұмсады. Халқымыздың алдында оның ерекше сіңірген еңбектеріне – СССР-дегі аса ірі геология институттардың біріне айналған Қазақ ССР Ғылым академиясының Геологиялық ғылымдар институтын ұйымдастыру, Қазақ ССР Ғылым академиясын ашу, Жезқазған кен – металлургия комбинатын салу, дүние жүзі геологтарының ғылыми практикасында бірінші болып кең масштабтағы комплекстік металлогендік зерттеулерді ұйымдастыру, т.б. істері жатады.

Қ.И.Сәтбаев негізгі ғылыми еңбегін Қазақстан кен орындарының геологиясын, минералдық қорларын жасауға арнады. Ол 640 - тан астам ғылыми еңбектерінің авторы. Қаныш Имантайұлы- рудалы кендердің пайда болуы және олардың жер қойнауында орналасуы, таралу заңдылықтарын зерттейтін Қазақстанның металлогения ғылымының негізін салушы. Сәтбаев еңбектері ғылымдағы зор жаңалықтар енгізді, Қазақстан геологиясы өз заманындағы биік сатыға көтерді.

Ә.Х.Марғұлан « Халықтың сүйген ұлы. Қаныш — аяулы ғалымдығымен бірге ол халықтың сүйген ұлы, бар өмірін, білімін ел игілігі үшін сарп еткен кісі. Сондықтан оның әдемі жарқын бейнесі біздің жас ұрпақтар үшін аса қадірлі, аса қымбат. » - деп Қаныш Сәтбаевты өте жақсы бағалап, қазақ халқы үшін жасаған еңбегінің молдығына тағы да бір көз жеткіздіргендей.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сәтбаев К. И. Қазақстан менін Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999.
2. Қазақстан: ұлттық энциклопедия. Т.7: Н-С / бас. Ред. Б.Аяған.-Алматы
3. СәтбаеваШ. Сәулелі әулет: ғылыми – көпшілік басылым/ Ш.Қ. Сәтбаева.- Алматы: Қазақстан,1996.
4. Сәрсекеев М. Құғындалған “Сәтбаев” : естелік –эссе / М.Сәрсекеев. –Алматы: Шабьт,1994.- 244 б.
5. Айтмағамбетов Е: Тектіліктің бір сыры/ Е.Аймағамбетов // Ақиқат.-2007.-№11. – Б.64-70

ЖОҒАРЫ БІЛІМ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тасбулатова Г.С.

*Ы.Алтынсарин ат. Арқалық
мемлекеттік педагогикалық институты*

17 қаңтарда болған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының басты мақсаты – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті. Қазақ елі өткен 22 жылда қыруар іс тындырды. Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық. Күшті, қуатты мемлекеттер ғана ұзақмерзімдік жоспарлаумен, тұрақты экономикалық өсумен айналысады. «Қазақстан - 2050» стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы.

Білім беру жүйесін жетілдіруде ең басты қадам мемлекет бойынша ұлттық бірыңғай тест /ҰБТ/ және оқытушылардың аралық аттестациясы енгізілген.

Әлемдік ЖОО-ның жетекші жүйесінің үлгісіне жақындастыру мақсатында Қазақстанда 3 сатылы мамандарды даярлау жүйесі енгізілуде: бакалавриат-магистратура-доктарантура /PhD/.

Білім беру жүйесіндегі реформаны қалыпты шешу және перспективті дамыту мақсатында Қазақстанның білім беру жүйелерінде Республика бойынша оқу-әдістемелік кеңестері құрылуда, ал ЖОО-дар ішіндегі жетекшілері бойынша 30 астамы оқу-әдістемелік орталықтары қалған барлық негізгі мамандық бойынша жұмыс істейді.

Ғылым және білімді дамытуға жағдай жасау мақсатында атаулы сыйлықтар және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары беріледі, соның ішінде педагогика саласында ең үздік саналатын ғылыми зерттеу жұмысына берілетін Ы.Алтынсарин атындағы сыйлық және мемлекеттік стипендиялар бар.

Білім беру саласында Қазақстанда Халықаралық байланыстар кеңейтілуде. Жыл сайын мыңнан астам қазақстандықтар шетелдің ЖОО-рында оқуда және ғылыми кәсіпорындарынан тәжірибе алмасуда, соның ішінде Президенттік халықаралық «Болашақ» стипендиясы бойынша.

Білім беру саласында қайта құрудың ең басты кезеңі жалпы орта білім жүйесін ақпараттандыру. «Мектепке-интернет» ведомость аралық бағдарламасы бойынша 1,5 мың мектеп пен 70 колледжі Интернет жүйесіне қосылған және бұл жұмыс әлі белсенді түрде жүргізілуде. «Қазақстанның ауылдық мектептеріне арналған қашықтық оқыту» және